**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «**Балдырған**» бөбекжай-балабақшасы
Топ/сынып «**Жұлдызша**» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 06.11-10.11.23ж
**Педагогтың аты-жөні:**Когулова.А Ысқақ .Н

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу *(сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу)* | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары кітап сөрелерін құрау *(құрастыру)*Қыс мезгіліндегі маусымдық өзгерістерлің ерекшелігі туралы түсінік беру, балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету *(сурет салу, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)*Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту *(матеатика негіздері)*Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары *(тәрбиеші ұйғарымы бойынша)*Өнер орталығында маусымдық өзгерістердің ерекшеліктерін жасау барысында екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін нақтылауға, оларды бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуге үйрету *(жапсыру, мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)***Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| | **ҚР.Гимнін орындайды.** Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады музыка | "Еңбекке баулу"<br><br>Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнын жинауға ынталандыру, мақтау. | "Еңбекке баулу"<br><br>Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу"<br><br>Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қолды қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын (суретін) көрсету. | "Еңбекке баулу"<br><br>Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бақылағыштыққа тәрбиелеу. |
| **Таңертенгі жаттығу қимыл-қозғалыс,ойын әрекеті** | Қазан айының арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** *(дене шынықтыру, музыка)* | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті).** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту*(дене шынықтыру, сөйлеу дамыту)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеткедайындық** | **Дене шынықтыру**<br><br>"Домалатайық қане біз".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын қайталату; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдыларын дамыту; балаларды қол мен саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып жорындауға қызығушылықтарын арттыру; допты домалату техникасын жетілдіру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу. | **Музыка**<br><br>"Көңілді тоқаштар".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың дәліз туралы әнді мұқият тыңдап, оның сыр-сипатын ажыратуды үйрету; әнді қабылдау қабілеті мен шығармашылыққа баулу; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогке ілесе қайталай білуге машықтандыру; нанның қасиетімен таныстыру.<br><br>"Ол не?" ойыны.<br><br>Мақсат-міндеттері. Тоқаштың пішініне ұқсайтын заттарды табуды үйрету. | **Дене шынықтыру**<br><br>"Көліктегі жемістер".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен кезек лақтыруды үйрету; лақтыру тәсілінің допты бастан жоғары лақтыру түрімен таныстыру; лақтыру тәсіліне машықтандыру. Балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілетін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br><br>"Доптарды лақтырайық".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.<br><br>**"Лақтырайық көліктен домалаған доптарды" қимыл ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттері. Допты басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыруды үйрету. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br><br>"Пойыз келе жатыр".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сурет салуға арналған кескіннің пішінін алдына ала зерттей отырып салынатын орындарын бақылауды үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшын бояуға малып, түгінің бетін "пойыз вагоны" аясына "пойыз терезелері" тәрізді етіп, бір қатармен біркелкі қимылдармен, жеке жақпалар қойып отыруға дағдыландыру; қылқаламды бояуға қайта малу амалын пысықтау; қылқаламмен салып жатқан жақпаларды байқап, бос жерлерге қайта салып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; көлік түрі пойыз туралы түсінік беру.<br>**"Пойыз" қозғалыс ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің белдерінен қолмен ұстап, асықпай жүруді үйрету. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.** Музыка<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:** "Балалардың қолынан қорек іздеген тиін" суреті бойынша әңгімені құрастыру.<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; суретті сипаттағанда сол суреттегі оқиғаларға қарым-қатынасын білдіру үшін өз ойын бөлісу амалдарымен таныстыру; күз мезгілі туралы ұғымдар тізбегін жетілдіру; тиіннің күз мезгіліндегі тіршілігі жөнінде түсініктерді тиянақтау. Балаларға | **1.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br>**2. Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша<br>Математика негіздеріКүзгі орманның ғажайыптары<br>Мақсаты<br>Балаларға заттарды көзбен көрмей, қолмен ұстап санау тәртібі туралы түсінік беру; бірден бастап төртке дейінгі сандар жөніндегі түсініктерді тиянақтау; күзгі орманның сыйлары, тиіннің тіршілігі жөніндегі білім қалыптастыру. Балаларға заттарды көзбен көрмей түйсіну, қолмен ұстап, саусақпен сипап санау амалына үйрету, заттардың жиын санын тізбекке қарап, саусақты қайта тигізіп санау арқылы тексеру дағдысын | 1. Қазақ тілі<br>Педагог жоспары бойынша<br>Сурет салу Үйрек<br>Мақсаты<br>Балаларға Дымково ойыншығы өрнектерінің элементтерімен үйректің сұлбасын қылқаламның көмегімен безендіруді үйрету; «Дымково ойыншықтары» туралы жалпы мәліметтер беру; жыл құстарының тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; халық қолөнеріне қызығушылықты ояту.<br>Сөздік жұмыс<br>Балаларға «Дымково оюы», «Дымково ойыншығы», «Дымково үйрегі» сияқты сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу | 1. . Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша<br>Қоршаған ортамен таныстыру Асқабақ тиелген трактор<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның көлік құралына жататыны жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; көлікке күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; трактордың негізгі бөліктерін атауға жаттықтыру; жалпы көліктер туралы ұғым беру. Балалардың сөздік қорын трактордың ерекшеліктері арқылы молайту және тілін жетілдіру; көліктерді ажырату, атау, еске сақтауы мен ойлау | 1. Дене шынықтыру<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>Кішкентай бағбан<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды «Кішкентай бағбан» әңгімесімен таныстыру, әңгімеде кездесетін көркемсөздің мағынасын түсіндіру; Садық пен Халелдің негізгі әрекеттері мен қасиеттерін сипаттап айтуды үйрету; әңгіменің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру; жомарт күз туралы түсінік беру. Әңгімедегі көркемсөз арқылы балалардың тілі мен еске |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығармашылық тапсырмаларды орындау технологиясының тәсілдерін қолданып, мазмұнды сурет бойынша әңгіме құрастыруды үйрету; сурет мазмұнын талдау барысында зат есімдерді, етістіктерді, сын есімдерді білдіретін сөздерді тауып, сөз тіркестерінде, жай және күрделі сөйлемдерде қолдану білігін қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; шығармашылық ойлау, және логикалық ойлау негіздерін, қабылдау, еске сақтау, аналитикалық қабілеттерін дамыту; эстетикалық талғамды қалыптастыру. Балалардың күз мезгілінде адам өмірінде, жабайы аңдардың тіршілігінде, табиғат құбылыстарының өзгерістеріне байқампаздыққа, зеректікке, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу.СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Балалардың сөздік қорына: сары шашты ханшайым, тиннің корегі, аяқтарының тырнақтары ілгектей сияқты тіркестерді қосу. | жетілдіру; заттардың көлемін сан арқылы белгілеугді машықтау, екі түрлі заттар топтамаларын теңдестіру амалдарын қайталау; қолдың ұсақ моторикасын, түйсік, зейін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды жабайы аңдардың тіршілігіне бақылағыштығын арттыру; ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Жаттығуды орындағанда: «кемиреді», «ғажайып калташа», «саны тең», «бірдей», «бір-бірден береміз», «саны сай келеді», «барлығы төрт тиін» сөздері мен сөз тіркестерін айтқызу арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, суретті көрсету, кіріспе әңгімелеу, панно алдында зерттеу жаттығуы, сергіту сәті, үстелдің басында іс-тәжірибе жаттығуы, кілем үстінде зерттеу жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.**(Математика негіздері,Қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,Құрастыру)** | дағдысын жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Аудиожазбаны тыңдау, бейнежазбаны көрсету, кіріспе әңгімелеу, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелеу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарын көрсету, логоритмика, ауада көрсету жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, зейінге жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия.<br>Жылқы<br>Мақсаты<br>Балаларға сазбалшықтан жылқыны жасауға үйрету, оның дене пішінін,<br>пішіннің қозғалысын дұрыс беруге, пішіннің сипатына<br>тән саздылықты, сымбаттылықты бере білуге үйрету; қырнауышты пайдалана білу дағдыларын бекіту; қиыстыру тәсілдерін, мүсіндеу ептілігін дамыту; мақсаттылыққа, достыққа, әрдайым достарына көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Мүсіндеу іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру;<br>сөйлеуін «жылқы», «үй жануары», «тұтас сазбалшықтан | қабілетін, зейінін дамыту, көлік бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға қызығушылықтарын ояту, нысандарды салыстыруға дағдыландыру. Балалардың көліктерге қызығушылықтарын ояту; бір-біріне достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>Белсенді сөздік қорға: көлік, асқабақ тиелген трактор, кабина, шанақ, дөңгелек, руль сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан асқабақ тиелген трактордың суретін көрсету, пысықтау, аудиожазба, дидактикалық ойын.<br>**(Математика негіздері,Қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,Мүсіндеу)** | сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту.<br>Балалардың әңгімеге қызығушылықтарын ояту; өзара мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Жомарт күз», «бағбан», «Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді», «Жер-Ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Кіріспе әңгімелесу, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан суретті көрсету, әңгімені мәнерлеп оқу, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, әңгіме мазмұны бойынша әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>**Шырша ойыншықтары**<br>Мақсаты<br>Балаларды шыршаны ойыншықтармен безендіруге үйрету; шырша қимаүлгісінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Себебі, қыста қардың салмағынан бұтасы сынбайды», «Себебі, күзде күн суық болады», «Себебі, ол қыста жырткыштардан ағашта жасырынады» сияқты фразаларды айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, сәлемдесу шеңбері, суретті көрсету, сурет мазмұны бойынша мағлұмат жинауға арналған сөздік жаттығу, миға шабуыл сөздік жаттығуы, сергіту сәті, себеп-салдарды тану логикалық жаттығуы, сурет бойынша әңгіме құрастыру, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау.<br>**(Сөйлемді дамыту,Көркем әдебиет,Қоршаған ортамен таныстыру,жапсыру,сурет салу)** | | мүсіндеу», «сазбалшықты жұмсартамын», «шымшу», «созамын» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, саусақ жаттығуы, көрме ұйымдастыру, жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, «жүректен жүрекке» шеңбері.<br>**(Математика негіздері,Қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,Мүсіндеу)** | | үстіне шаршыларды шеңбер етіп қиып алып жапсыру іскерліктерін жетілдіру; қайшыны дұрыс ұстау дағдыларын жетілдіріп, қайшымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасын сақтауға тәрбиелеу; балаларға жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау; ойыншықтардың көлеңкелерін табу арқылы, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Сөздік жұмыс<br>Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "жаңа жыл", "мереке", "шырша", "ойыншықтар", "желім жағамын", "қиып аламын", "шеңбер", "шаршы", "түрлі-түсті шаршылар" сөздері және сөз тіркестері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Суретті көрсету, ғажайып сәт, көркем сөз, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жаттығуы, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.<br><br>**Тазалық - денсаулық кепілі**<br>мақсаты<br>Балаларға йогурттан босаған ыдыс пен қағаздан қолжуғышты құрастыруды үйрету; «Тазалық - денсаулық кепілі» түсінігін қалыптастыра отырып, балалардың түсінігінде тазалық, тазалықтың пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту; жасаған жұмыстарын безендіруді үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «тазалық», «қолжуғыш», «йогурт» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сергіту сәті, өздік іс-әрекет, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау. **(Сурет салу,Сөйлеуді дамыту,Математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау *(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)*.Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күннің бұлтты және салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>- Балалар, айналаға қараңдаршы.<br><br>- Ағаштардың жапырақтары қайда?<br><br>- Жарайсыңдар! Жапырақтар түсіп қалды ма? | **Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br><br>Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның нақпішінін немесе суретін көрсетуі мүмкін.<br><br>- Балалар, бұл не?<br><br>- Бұл бағдаршам. Қайталайықшы. | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>Мәшинелер жүреді ары-бері,<br><br>Алға және кері.<br><br>Жүкті тасымалдайды,<br><br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br><br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br><br>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.<br><br>Алтын күнге ұқсайық,<br><br>Қолдарды кел, созайық.<br><br>Қолдарымыз - шуақтар,<br><br>Жайылады жан-жаққа.<br><br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы құрғақ | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br><br>- Балалар, жел соғып тұр ма екен?<br><br>- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы.<br><br>Жел соғып, бізбен ойнайды,<br><br>Ағаш-бұтақты шайқайды.<br><br>Ары-бері шайқайды,<br><br>"Ш-ш-ш" - деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Жапырақтар қайда түсті?<br><br>- Иә, жапырақтар жерде. Жақсы.<br><br>- Аспанға қараңдаршы, балалар, сұр бұлттар көшіп барады.<br><br>- Адамдарға қараңдаршы, балалар, далада ауа салқын, біз жылы киінеміз.<br><br>- Біз нені кидік?<br><br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br><br>Қ. Ыдырысов "Күзім".<br><br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br><br>Мінезің бұзық-ау.<br><br>Жаңбырың сіркіреп<br><br>Келгенің қызық-ау.<br><br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинату.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; | - Жарайсыңдар!<br><br>- Бағдаршам не үшін керек?<br><br>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".<br><br>Бағдаршамдар ұйықтамайды,<br><br>Жымыңдайды, жымыңдайды.<br><br>Бір қарасаң қып-қызыл,<br><br>Екі десең сап-сары.<br><br>Тоқтай тұрсаң жап-жасыл.<br><br>Көзі көп, біреу басы.<br><br>Д. Ахметова<br><br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br><br>**"Жалауға жүгір" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды | шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br><br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.<br><br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br><br>- Балалар, торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br><br>Педагог балаларға торғайлардың қолдарымен жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br><br>- Жарайсыңдар!<br><br>- Балалар, торғайлар жолға | жапырақтардан тазалауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**"Ұшақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.<br><br>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.<br><br>- Балалар бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай алаңы. Ұшақтар "У-у-у!" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.<br><br>- Мен "Ұшақтар, ұшыңдар!" дегенде сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіңдер.<br><br>- "Ұшақтар, алаңға!" дегенде менің жаныма жиналасыңдар, жерге шоқайып отырасыңдар. Келістік пе? Бастайық.<br><br>- Қане, ұшақтар, ұшыңдар!<br><br>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, | дыбыстайды.<br><br>- Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз?<br><br>- Иә, "ш-ш-ш" дейміз.<br><br>- Жарайсыңдар!<br><br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br><br>**"Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту.<br><br>Педагог балаларды сапқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br><br>**"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br><br>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br><br>Қоңырауым қайда?<br><br>Сыңғырлайды сайда.<br><br>Кім адаспай тауып алады,<br><br>Қоңырырауды қолға алады.<br><br>Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады.<br><br>Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br><br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. | көрсетілген белгі жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді дамыту, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br><br>- Балалар, жалаулармен ойнайықшы.<br><br>Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды.<br><br>- Балалар, мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, жасыл.)<br><br>- Жарайсыңдар!<br><br>- Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар.<br><br>Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды.<br><br>- Қанекей, балалар, түзу тұр!<br><br>- Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір!<br><br>Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын ескертеді.<br><br>**"Аяқтың ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене** | отырып, жем шоқиды.<br><br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br><br>Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br><br>- Жарайсыңдар!<br><br>Педагог балалардың қимылдарын көркемсөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br><br>Торғайлар, торғайлар,<br><br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br><br>Жолға отырып қоныңдар,<br><br>Жем шоқыңдар!<br><br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br><br>Автомобиль келе жатыр!<br><br>Абайлаңдар!<br><br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br><br>- Кіш! Кіш!<br><br>Ойын екі рет ойнатылады.<br><br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын** | "У-у-у!"<br><br>Біраздан кейін педагог балаларды алаңға шақырады, жүгіру кезіндегі қауіпсіздікті қадағалайды.<br><br>Ойын екі рет жүргізіледі.<br><br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттерІ. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | жинайды.<br><br>Балаларға смартфонға жазылған пойыз дыбысының аудиосын тыңдатуға болады.<br><br>- Балалар, естіп тұрсыңдар ма?<br><br>- Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады.<br><br>- Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық.<br><br>Ту-ту жүрдік,<br><br>Ту-ту-у ...<br><br>Біз алысқа -<br><br>Ту-ту-у ..<br><br>Жүр соңымнан -<br><br>Қалма!<br><br>Кім өжет жан?<br><br>Алға!<br><br>Д. Ахметова<br><br>Педагог саптың басына өзі тұрады, балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету. | **шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқтың ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру. | **жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.<br><br>Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау.<br><br>Мақсат-міндеттері. Барлығы бірлесіп ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету. | | жатады.<br><br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br><br>Бір жоғары, бір төмен,<br><br>Күні бойы тербелем.<br><br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br><br>Айнала бер бізбенен. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау *(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)* | | | | |
| **Түскі ас** | Жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерту Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) *(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Түлкі мен Тырна» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату.**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | «Жеті лақ» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | «Үш аю» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.Мақтаншақ қоян ертегісін оқып беру.**Көркем әдебиет** | «Ақымақ қасқыр» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Аяқ қолға, көзге арналған жаттығулар кешені. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету*(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, танымдық дағдыларын дамыту )* | | | | |
| **Бесін ас** | Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру «Асты қадірле» әңгімелесу *(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті)* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Хореография** Педагог жоспары бойынша | **Үйірме «Ұлттық ойындар»** Педагог жоспары бойынша | **Желілі-рөлді ойындар**<br>**Т:Отбасы** | **«Ертегілер елінде»**<br>**Тақырыбы:**Алдаркөсе мен бай | **«Қауіпсіздік ережесі»** Біз-жолаушылармыз |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Марат Алима<br><br>қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға қалыптастыру. | Манат Али<br><br>геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттейді, оларды ажырата білуге үйрету. | Серік Аяла<br><br>құрылыс бөлшектерін ажыратады және айтуға, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады. | **Назимтай Алинур**<br><br>ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алуға қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтауы үйрету. | **Нурсеитов Ерасыл**<br><br>қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу. | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** | **Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту** | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенен оралу** | Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешіну,еркін ойын,іс-әрекет | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, дұрыс тамақтануға баулу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br><br>**(аз қимылды, үстел үсті**<br><br>**ойындары,**<br><br>**бейнелеу іс-әрекеті,** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. "Ас атасы - нан" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында "жыл құстары" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Теартлық қойылымдар.<br>«Табиғат балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту.<br>- Табиғат дегеніміз не?<br>Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктер мен жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптарды қарау және басқалар)** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br><br>"Балалардағы агрессивті мінез-құлықтың бастаулары". | Кеңес: "Ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген кезде өзін қалай ұстау қажет?" | Ата-аналарға кеңес.<br><br>"Балалардағы агрессивті мінез-құлықтың бастаулары". | Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру". | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. |

Тексерген:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы «**Балдырған**» бөбекжай-балабақшасы
Топ/сынып «**Жұлдызша**» ересек тобы
Балалардың жасы 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі 13.11-17.11.23ж
**Педагогтың аты-жөні:**Когулова.А Ысқақ .Н

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу *(сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу)* | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары кітап сөрелерін құрау *(құрастыру)*Қыс мезгіліндегі маусымдық өзгерістерлің ерекшелігі туралы түсінік беру, балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету *(сурет салу, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)*Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту *(матеатика негіздері)*Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары *(тәрбиеші ұйғарымы бойынша)*Өнер орталығында маусымдық өзгерістердің ерекшеліктерін жасау барысында екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін нақтылауға, оларды бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуге үйрету *(жапсыру, мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)***Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ҚР.Гимнін орындайды.** Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады музыка | "Еңбекке баулу"<br><br>Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, көрсетуді, атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнын жинауға ынталандыру, мақтау. | "Еңбекке баулу"<br><br>Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышындағы сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру. | "Еңбекке баулу"<br><br>Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қолды қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын (суретін) көрсету. | "Еңбекке баулу"<br><br>Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене мүшелеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу. |
| **Таңертеңгі жаттығу қимыл-қозғалыс,ойын әрекеті** | Қазан айының арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** *(дене шынықтыру, музыка)* | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті).** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту*(дене шынықтыру, сөйлеу дамыту)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеткедайындық** | **Дене шынықтыру**<br><br>"Допты жоғарыға лақтырайық".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін қайталау; лақтыру жаттығуын ынтамен | **Музыка.**<br><br>"Торғайсың, тынбайсың!"<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; | **Дене шынықтыру**<br><br>"Аюмен жарысайық!"<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіруге (ені 20 см) үйрету; екі жолдың ортасымен жүру және жүгіру технологияларын игере білу дағдыларын қалыптастыру. | **Дене шынықтыру**<br><br>"Көпірден құлап кетпейік".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br><br>"Кірпі".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпі кескінін бақылай отырып, қысқа тура сызықтарды "инелерді" кірпінің үстіне белгілі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасауға құлшындыра отырып, балалардың дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын және лақтыру қабілеттерін қорытындылау; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.<br>**"Жемістерді себетке жинайық" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Допты басынан асырып лақтыруды үйрету. | музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті шынайы қабылдай алуға тәрбиелеу.<br>"Торғайдың тамағы" музыкалық-дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері. Заттардың арасынан торғайдың жейтін жемін анықтауды үйрету. Еске сақтау, ойлау, зейін, сөйлеуді дамыту. (дене шынықтыру, музыка) | Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділігін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.<br>**"Аюмен жүгіріп жарысайық" қимыл ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын дамыту. | тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу.<br>**"Аюмен жүгіріп жарысайық" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру жылдамдығын дамыту, топтасып ойнауды үйрету. | қимылдармен салуды үйрету; сызықтың ұзындығын анықтауға жаттықтыру; педагогпен бірге ойын арқылы сурет салу тәсілдерін қабылдай білу икемділігін арттыру; кірпінің орманда мекендейтіні туралы түсінік беру.<br>**"Кірпіге сыйлық жинап берейік" зейінге арналған жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттері. Жердегі заттарды еңкейіп жинауды үйрету. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет** | **1 Музыка**<br>Педагогтің жоспары бойынша<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [Ж], [Ш] дыбыстары.**<br>МАҚСАТЫ<br>**Балаларға оқиғаларды** | **1.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br>**2. Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша<br>**Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларға заттардың ұзындығына қатысты қасиеттері туралы түсінік беру; заттардың ұзындығы мен ені туралы | 1.**Қазақ тілі**<br>Педагог жоспары бойынша<br>**Үлкен және кішкентай қарбыздар**<br>**Мақсаты**<br>Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жатқан ирек | 1. **Дене шынықтыру**Педагог жоспары бойынша<br>**Қоршаған ортамен таныстыруМыршай**<br>**МАҚСАТЫ**<br>Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту; түлкінің дене мүшелерін атау дағдыларын жетілдіру; түлкінің | 1. **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша<br>**Көлік жүргізуші**<br>МАҚСАТЫ<br>Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыру, көлік түрлеріне байланысты көркемсөздің мағынасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тақпақ шумақтарымен сипаттау кезінде сөздің ұйқасы мен ырғақтылық тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктер беру; дауыссыз [ш], [ж] дыбыстарының естілу ерекшеліктерімен таныстыру; көлік түрлері туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, жол ережелерін пысықтау; дауыссыз [ш], [ж] дыбыстарының артикуляциясын жаттықтыру, осы дыбыстарды құлақпен есту және жекеше түрде, буын не сөз құрамында, қарапайым мәтінде айту біліктерін, фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру; есту зейінін, еске сақтау, елестету, түстерді қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздердің дыбысталуына** | түсініктерін тиянақтау; кеңістіктегі бағыттарды пысықтау; жол жүру тәртібі туралы мәлімет беру, жалпы жол жүру ережелерін пысықтау; ұзындығы әркелкі түрлі түсті үш жолақты бір-біріне беттестіру арқылы ұзындықтарын салыстыру дағдыларын жетілдіру; өз жұмысының нәтижесін қорытындылау (үлгімен салыстыру) дағдыларын бекіту; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, еске сақтау, ой-өрісін, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін, ой-өрісін, түстерді ажыратуын дамыту; заттардың қасиеттерін байқауды қалыптастыру.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Жаттығуды орындағанда: «жол ережесі», «ең ұзын жолақ», «қысқалау», «ұзындау», «ең қысқа жолақ», «артында», «алдында», «оң жаққа», «сол жаққа» сияқты сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Аудиожазбаны тыңдау, | сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету. Бақшада өсірілетін өнімдердің, қарбыз туралытүсініктерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасы, пішінді және көлемді ажырату қабілетін дамыту; экологиялық мәдениетке баулу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс**<br>Балаларға «ортамыз ластанбайды», «сурет бояудың бетіне шықты», «салмағы ауыр», «салмағы жеңіл» сияқты сөздер мен сөз тіркестерін айтқызып, сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелесу, үлгіні зерттеу, сурет салу амалдарынкөрсету, денсаулықты сақтау жаттығуы, өздігінен сурет салу, жеке жұмыс, нұсқау беру, логикалық жаттығу, бағалау, оқу қызметін пысықтау, мақтау, рефлексия. | баласы мыршайға қамқорлық жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; түлкінің дене мүшелерін бақылау және зерттеу қабілетіне жаттықтыру; жабайы табиғат туралы ұғым беру. Балалардың сөздік қорын түлкінің ерекшеліктері арқылы молайту және тілін жетілдіру; түлкінің дене мүшелерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, мыршайды басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Балалардың түлкінің тіршілігіне қызығушылықтарын ояту; достарының жауаптарын тыңдай білуге және жабайы табиғат өкілдеріне қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>Белсенді сөздік қорға: жабайы табиғат әлемі, түлкі, мыршай, өмір салты, жыртқыштар, тон, апан, ін сөздері мен сөз тіркестерін қосу.<br>**ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**<br>Ғажайып сәт, әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркемсөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан түлкінің ормандағы тіршілігінен | түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сипаттай білуді үйрету; жүргізуші қызметінің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру; көлік туралы түсінік беру. Көлік түрлеріне байланысты көркемсөз арқылы балалардың тілі мен еске сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту. Балалардың көлік түрлері мен жүргізуші қызметіне қызығушылықтарын ояту; өзара жолдастық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>СӨЗДІК ЖҰМЫС<br>«Көлік жүргізуші», «ұшқыш», «машинист», «капитан», «әуеде ұшатын көлік түрлері», «жерде жүретін көліктер», «суда жүзетін көліктер» сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қызығушылықты арттыру, жол ережелеріне қатысты тәртіпке, әдептілікке, зеректікке тәрбиелеу.**<br>**СӨЗДІК ЖҰМЫС**<br>**Балалардың сөздік қорына: жүргізуші, жүргінші, жол ережелері, дауыссыз дыбыстар, бағдаршам, жүгірме, шулама, жағаласпа, жүр, тұр, тоқта сөздерін қосу.**<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>**Аудиожазбаны тыңдау, көркемсөз, жұмбақ жасыру, логикалық жаттығу, суреттер сериясы бойынша тақпақты мәнерлеп оқу, зияткерлік картамен тақпақтар бойынша өздік әңгіме құрастыру, фонетикалық ритмика, сергіту сәті, артикуляциялық жаттығу, тақпақтар мазмұны бойынша сөздік жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін** | дамытушы жаттығу, көркемсөз, суретті көрсету, бейнероликті көрсету, панно алдында іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы, дамытушы жаттығу, пысықтау, балалардың іс-әрекетін бағалау. **(Математика негіздері,Қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,Құрастыру)** | Қонжықтың достары<br>**Мақсаты**<br>Балаларға жабайы жануардың сыртқы тұрқының ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, бөлшектерді құрылымдық тәсілмен біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету; мүсіндеу амалдарын бекіту; балалардың қол бұлшықеттерін, зейінін дамыту, ермексазбен жұмыс істеуге ынталандыру және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Сөздік жұмыс<br>Мүсіндеу іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді «қонжық», «қорбаңбай», «есу», «созу», «жалпайттым», «домалақтадым» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Шаттық шеңбері, әңгімелесу, жұмбақ жасыру, ғажайып сәт, қызықты мәлімет, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, | бейнебаян көрсету, пысықтау, аудиожазба, бейнебаян, дидактикалық ойын.<br>**(Математика негіздері,Қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,Мүсіндеу)** | жетілдіру.<br>ӘДІС-ТӘСІЛДЕР<br>Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тақтадан тақырыпқа байланысты мультик пен суреттер көрсету, көркемсөз, кері байланыс, сергіту сәті, жүргізушінің қызметі туралы әңгімелесу, пысықтау, дидактикалық ойын.<br>Дос болайық, көбелек мақсаты<br>Балаларға есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруды үйрету; көбелектер жайлы білімдерін толықтыру; қағаздың бетін көз мөлшерімен тең ортасынан екіге бөлу, қағаз бетінде бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; көбелектерді түстеріне сәйкес гүлдерге отырғызу арқылы түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру; жіпке байланған көбелектерді үрлеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бағалау. (Сөйлемді дамыту,Көркем әдебиет,Қоршаған ортамен таныстыру,жапсыру,сурет салу)** | | өздік іс-әрекет, кейіпкермен қоштасу, жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, рефлексия. (**Математика негіздері,Қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу,Мүсіндеу**) | | арқылы балалардың тыныс алуларын жақсарту.<br>Сөздік жұмыс<br>Құрылысқа қатысты іс-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеу тілін «көбелек», «есептеу таяқшалары», «денесі», «қанаттары», «мұртшасы», «оң жақ», «тігінен», «көлденең», «сол жақ» сөздері арқылы жетілдіру.<br>Әдіс-тәсілдер<br>Көркем сөз, ғажайып сәт, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, тыныс алу жаттығуы, дидактикалық ойын, балалардың жұмысын бағалау және оқу қызметін пысықтау.<br>Жапсыру Қуыршақ театр шымылдығын әшекелейміз<br><br>Оқу қызметінің мақсаты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Балаларды жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша, жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға, оларды жіпке шеттерінен жапсыруға, қуыршақ театры шымылдығын безендіруге үйрету; қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін дамыту; жаңа жылдық гирляндалармен топты немесе үйді безендіруге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Сөздік жұмыс<br>Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "жіп", "шеңбер", "жүрекше", "шырша", "шетінен жапсырдым", "жаңа жылдық гирлянда", "қуыршақ театры шымылдығы", "әшекейлеймін" сөздері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және сөз тіркестері арқылы жетілдіру. Әдіс-тәсілдер Көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ұжымдық іс-әрекет, ән айту, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау. **(Сурет салу,Сөйлеуді дамыту,Математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау *(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)*.Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға ауладағы ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауды, олардың қимылдарын анықтауды үйрету.<br><br>**Д. Ахметова "Құстар,** | **Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.<br><br>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, табанына балшықтың жабысқанын | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, жалаңаш тұрғанын байқату; зейін, ой-қиял қабілеттерін дамыту.<br><br>- Қараңдаршы, балалар, бұл не?<br><br>- Ағаштарда жапырақтар бар | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарық беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
